

*Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті*

*Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси  
пәндер кафедрасы*

# *СӨЖ*

Тақырыбы: ”Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қалпына келуі: мәні мен маңызы”

*Орындаған: Ысқақова А.А.*

*120 топ ЖМФ*

*Тексерген: Абдрахманова К.Ж.*

*Қарағанды-2010*

# Жоспары:

## Кіріспе

## Негізгі бөлім

- ❖ Қазақ КСР-ның Мемлекеттік Егемендік туралы декларациясы (1990ж)
- ❖ Қазақстан Республикасының құрылуы
- ❖ ҚР рәміздері: Ту, Елтаңба, Әнұран
- ❖ Алғашқы Конституциясы (1993ж)

## Қорытынды

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.

# Кіріспе

“ Тәуелсіздік бізге бұрын-соңды көрмеген орасан зор мүмкіндіктер берді. Біз оны толықтай жүзеге асыруымыз қажет, асырамыз да.

Тәуелсіздік біздің алдымыздан жарқын болашаққа жол ашып берді. Біз сол жолдан ешқайда бұлтармай, алға баса береміз.”

Н.Ә.Назарбаев.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-нің Жоғары Кеңесі Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылдап, тәуелсіздіктің негізі қаланды. Осы декларация қабылданғаннан соң көп ұзамай, 1 жылдан кейін тәуелсіздікке қол жетті. Егемендік туралы Декларацияның маңызы, мемлекет тарихындағы алар орны ескеріліп, бұл күн мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес – Республика күні болып жарияланды және Қазақстан Республикасының мемлекеттік мерекесі ретінде жыл сайын жоғары деңгейде аталып келеді.



Республика өз тәуелсіздігіни жариялағаннан кейін мемлекет басшысын сайлау мақсатымен 1991 жылдың 1 желтоқсанында бүкілхалықтық Президент сайлауы өткізіліп, халықтың қолдауымен Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның тұңғыш Президенті болып сайланды.



Қазақстан Республикасының  
Президенті  
Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

# Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы



*Ту- Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздердің бірі.*

*ҚР Президентінің “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы” конституц. заң күші бар Жарлығымен белгіленген. Қазақстан Республикасының Туы 1992 жылдың маусым айында бекітілді.*

*Мемлекеттік ту көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Оның ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген. Ағаш сабына бекітілген тұста — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек — алтын түсті. Тудың ені ұзындығының жартысына тең. ҚР мемлекеттік туының авторы — суретші Шәкен Ниязбеков.*



# Қазақстан Республикасының Елтаңбасы





- ❖ **Шаңырақ** - елтаңбаның жүрегі.
- ❖ **Шаңырақ** – мемлекеттің түп негізі – отбасының негізі.
- ❖ **Шаңырақ** Күн шеңбері. Айналған күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті.
- ❖ **Шаңырақ** – киіз үйдің күмбезі, көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі.
- ❖ **Тұлпар** – дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі.

- ❖ **Қанатты тұлпар** – қазақ поэзиясында кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі.
- ❖ **Қанатты Тұлпар**-Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді.
- ❖ **Бес бұрышты жұлдыз** -Елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар.

# Қазақстан Республикасының Әнұраны

Сөзі: Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев,

Әні: Шәмші Қалдаяқов

The image displays a musical score for the national anthem of the Republic of Kazakhstan. It is divided into two main sections: **Мәтін** (Text) and **Қысқартылған** (Shortened). The score is written in G major and 3/4 time. The vocal lines are in the upper staves, and the piano accompaniment is in the lower staves. The lyrics are in Kazakh and Russian. The **Мәтін** section consists of four staves of music, and the **Қысқартылған** section consists of three staves. The lyrics are:   
Мәтін:   
Ал - таң айып әл - таң әл, Ал - таң айып әл - таң әл -   
Үр - таң әл әл - таң әл - таң, Қан - таң әл әл - таң әл - таң   
әл - таң әл - таң әл - таң әл - таң әл - таң, Ә - таң әл әл - таң әл - таң   
әл - таң әл - таң әл - таң әл - таң, Әл - таң әл - таң әл - таң әл - таң   
әл - таң әл - таң әл - таң әл - таң, Әл - таң әл - таң әл - таң әл - таң   
Қысқартылған:   
Әл - таң әл - таң әл - таң, Әл - таң әл - таң әл - таң, Әл - таң әл - таң   
әл - таң әл - таң, Әл - таң әл - таң әл - таң, Әл - таң әл - таң әл - таң   
Әл - таң әл - таң әл - таң, Әл - таң әл - таң әл - таң, Әл - таң әл - таң



# Қазақстан Республикасының Әнұраны

1. Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны,  
Еліме қарашы!  
Ежелден ер деген,  
Даңқымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген,  
Қазағым мықты ғой!

## Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің –  
Қазақстаным!

2. Ұрпаққа жол ашқан,  
Кең байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан,  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты,  
Мәңгілік досындай.  
Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындай!

## Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін,  
елім!  
Туған жерім менің –  
Қазақстаным!

## ■ 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы Күні

Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы,

байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып,

өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық

қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей

отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне

отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып,

осы Конституцияны қабылдаймыз.





# Конституциялар тарихы

- 1926 жылғы Қазақ СССР Конституциясы
- 1937 жылғы Қазақ СССР Конституциясы
- 1978 жылғы Қазақ СССР Конституциясы
- 1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы
- 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы

- **1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы**  
*Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы Қазақстанның Жоғары Кеңесінің ІХ сессиясында 1993 жылғы 28 қаңтардағы XII шақырылымында қабылданды. Құрылымы преамбуладан, 4 бөлім, 21 тарау және 131 баптан тұрады[3].*

Конституция мемлекеттік тәуелсіздік алған күнінен бастап көптеген құқықтық нормаларды қамтыды: халық тәуелсіздігі, мемлекеттің тәуелсіздігі, билікті бөлу қағидаттары, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мойындау, Президентті мемлекет басшысы ретінде мойындау, сот органдары — Жоғары, Конституциялық және Жоғары Арбитраждық соттар және басқалар. 1993 жылғы Конституцияның негізіне парламенттік республика моделі жатады.



# Қорытынды

Бүгін Қазақстан әлемдегі қарыштап алға басқан жас мемлекеттердің бірі. Қазақ халқының ата тарихы жарқын болашаққа ұмтылған елімізге рухани нәр берері анық. Оның тарихы қаһармандыққа толы шежіре. Сан ұрпақ еліміздің тәуелсіздігі үшін күресіп, жанын құрбандыққа шалды. Қара түнек заманда ел қамқоры болған азаматтар басын бәйгеге тігіп, ұлттық мүддені қорғап қалды. Олар өз бас пайдасын емес, ел-жұрттың бақытын аңсады. Бүгінде сол бақыт, еркіндік халықтың өз қолында.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы “Атамұра” 1999ж.

2. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы 2003ж.

3. Аманжолов К.Р. Қазақстан тарихы. Алматы “Білім” 2004ж.

4. Көмеков Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы. Алматы, 2002 ж.

5. Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә.Б. Қазақстан тарихы Алматы: Атамұра 2008.

6. Абдрахманов С.А. Тәуелсіздік шежіресі Астана 2001ж.

*Назар*

*аударғандарыңызға*

*рахмет!!!*